

## Солтүстік Қазақстан облысының коммуналдық мүлкін сенімгерлікпен басқаруға беру қағидасын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 2012 жылғы 23 ақпандағы N 41 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 19 наурызда N 1797 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 2013 жылғы 20 тамыздағы N 281 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 20.08.2013 N 281 қаулысымен**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 27-бабы 1-тармағы 2) тармақшасына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы № 413-IV Заңының 75-бабы 3-тармағына сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген Солтүстік Қазақстан облысының коммуналдық мүлкін сенімгерлікпен басқаруға беру қағидасы бекітілсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары А. С. Сапаровқа жүктелсін.
3. Осы қаулы оны алғаш ресми жариялаған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі *С. Біләлов*  
Солтүстік Қазақстан облысы  
әкімдігінің 2012 жылғы  
23 ақпандағы № 41  
қаулысымен бекітілді

## Солтүстік Қазақстан облысының коммуналдық мүлкін сенімгерлікпен басқаруға беру қағидасы

### 1. Жалпы қағидалар

Осы Қағида Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2011 жылғы 23 қаңтардағы, «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы заңдарына сәйкес әзірленді және Солтүстік

Қазақстан облысының коммуналдық мүлкін сенімгерлікпен басқаруға берудің негізгі қағидаттарын, тәртіптері мен қағидаларын айқындайды.

## 2. Негізгі ұғымдар

1. Осы Солтүстік Қазақстан облысының коммуналдық мүлкін сенімгерлікпен басқаруға беру Қағидасында қолданылатын негізгі ұғымдар:

1) теңгерім ұстаушы – шұғыл басқару немесе шаруашылық жүргізу құқығында коммуналдық мемлекеттік мүлкі бар мемлекеттік мекеме, мемлекеттік кәсіпорын;

2) сенімгерлікпен басқару – сенімгерлікпен басқарушының өз атынан оның иелігіне және пайдалануына берілген мүлікті басқару, егер басқасы шартта немесе заңнамалық актіде, пайда алушының мүддесінде көзделмесе;

3) сенімгерлікпен басқарушы – коммуналдық мүлікті сенімгерлікпен басқарушы құрылтайшысымен сенімгерлікпен басқару шартын жасаған жеке тұлғалар және мемлекеттік емес заңды тұлғалар;

4) шарт – Құрылтайшы мен Сенімгерлікпен басқарушы арасында жасалған Объектіні сенімгерлікпен басқару шарты, ол бойынша бір тарап (сенімгерлікпен басқару құрылтайшысы) екінші тарапқа (сенімгерлікпен басқарушыға) мүлікті сенімгерлікпен басқаруға береді, ал екінші тарап осы мүлікті сенімгерлікпен басқару құрылтайшысы немесе құрылтайшымен көрсетілген тұлға (пайда алушы) мүддесінде басқаруды жүзеге асыруға міндеттенеді;

5) коммуналдық заңды тұлғалар – мүлкі Солтүстік Қазақстан облысының коммуналдық меншігіндегі коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар мен коммуналдық мемлекеттік мекемелер;

6) жергілікті атқарушы орган (әкімдік) – облыс (аудан, Петропавл қаласы) әкімі басшылық ететін, өз құзыреті шегінде тиісті аумақта жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқаруды жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган;

7) объект – мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындардың мүліктік кешені, бағалы қағаздар, мүліктік құқықтар (жарғылық капиталға қатысу үлесі), мемлекетке тиесілі ақша, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарымен көзделген жағдайларда сенімгерлікпен басқару шартының объектісі болып табылатын өзге де мемлекеттік коммуналдық мүлік;

8) басқару органы - акционерлік қоғам акцияларының мемлекеттік пакетін, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталындағы мемлекеттің үлесін иелену және пайдалану құқығын жүзеге асыратын мемлекеттік орган, сондай-ақ коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар мен коммуналдық мемлекеттік мекемелерді мемлекеттік басқару органы;

9) коммуналдық мүлікті сенімгерлікпен басқару құрылтайшысы (бұдан әрі – Құрылтайшы) – облыстың (ауданның, Петропавл қаласының) әкімдігімен облыстың (ауданның, Петропавл қаласының) коммуналдық мүлкін басқаруға, соның ішінде облыстың (ауданның, Петропавл қаласының) коммуналдық мүлкін сенімгерлікпен басқаруға беру туралы шарт жасауға уәкілетті атқарушы орган.

2. Объектіні сенімгерлікпен басқару сенімгерлікпен басқару шарты бойынша мәміле негізінде туындайды (белгіленеді).

3. Объектілерді сенімгерлікпен басқаруға беру ашық тендер (бұдан әрі – Тендер) нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

4. Объектіні кейін сатып алу құқығымен немесе кейін сатып алу құқығынсыз сенімгерлікпен басқаруға беру туралы шешімді облыстың (ауданның, Петропавл қаласының) жергілікті атқарушы органы қабылдайды.

5. Табиғи монополия субъектілері немесе тауар нарығында басым (монополиялық) жағдайда тұрған, не болмаса стратегиялық маңызы бар нарық субъектілері болып табылатын ұйымдардың мүліктік кешендерін немесе акцияларының мемлекеттік пакетін (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің қатысу үлестерін) сенімгерлікпен басқаруға ілгеріде сатып алу құқығымен беру туралы шешім Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңында көзделген ерекшеліктерді ескеріп қабылданады.

6. Сенімгерлікпен басқарушының Объектіні сатып алу жағдайлары Шартта айқындалады. Шарт қандай мерзімде және қандай жағдайларды орындаған кезде Объект Сенімгерлікпен басқарушының меншігіне ауысатынын көздеуі тиіс.

Сенімгерлікпен басқарушыға Объектіні сатуға онымен Шарттың барлық жағдайы тиісінше орындалған жағдайда ғана жол беріледі.

7. Объектілерді заңды тұлғалардың жарғылық капиталы төлемінің есебіне бергенге дейін Объектілер тендер өткізусіз сенімгерлікпен басқаруға ілгеріде сатып алу құқығынсыз берілуі мүмкін.

8. Объектінің теңгерім ұстаушысы Объект туралы мәліметтердің анықтағаны үшін және Объектіні Сенімгерлікпен басқарушыға қабылдау-тапсыру актісі бойынша беру сәтіне дейін оның сақталуы үшін жауапкершілікке ие.

### **3. Коммуналдық мүлікті сенімгерлікпен басқаруға беру тәртібі**

9. Сенімгерлікпен басқару құрылтайшысы сенімгерлікпен басқаруды құру мақсатында:

1) Тендерді ұйымдастырады (тендерлік комиссияның құрамы мен жұмыс регламентін бекітеді, Тендерге қатысушыларды тіркейді, ақпараттық хабарларды жариялауды қамтамасыз етеді);

2) кепілді жарналар қабылдайды;

3) «Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 30 қарашадағы Заңына сәйкес Объектіні бағалау жөнінде қызметтер көрсетуге шарт жасайды;

4) Тендерді өткізу барысына бақылауды жүзеге асырады;

5) Сенімгерлікпен басқарушымен Шарт жасайды;

6) Шарт жағдайларының орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

7) сенімгерлікпен басқаруға берілетін Объектінің ерекшелігіне қарай Объектіні сенімгерлікпен басқаруға берумен байланысты өзге де функцияларды жүзеге асырады.

10. Акциялары және жарғылық капиталындағы мемлекеттің қатысу үлесі сенімгерлікпен басқаруға беру Объектісі болып табылатын мемлекеттік заңды тұлғалардың, сондай-ақ мемлекеттік емес заңды тұлғалардың лауазымды тұлғалары Құрылтайшының сұрауы бойынша Объектіні сенімгерлікпен басқаруға беруге дайындау үшін қажет мәліметтерді олар айқындайтын мерзімдерде ұсынады және ұсынылып жатқан мәліметтердің анықтығы үшін жауапкершілікке ие.

11. Объектіні сенімгерлікпен басқаруға беру шарттары Сенімгерлікпен басқарушының мыналарға қатысты міндеттемелері болуы мүмкін:

1) Объект қызметінің бейінін сақтау;

2) Объектіні реконструкциялау немесе күрделі жөндеу немесе қалпына келтіру бойынша іс-шараларды орындау;

3) Объектіге инвестициялардың көлемдері, түрлері және мерзімдері бойынша міндеттемелер;

4) өнімнің көлемдерінің, шығарылатын өнімнің немесе көрсетілетін қызметтердің түрлері мен номенклатурасының белгілі деңгейін қамтамасыз ету;

5) белгілі бір тұтынушыларға өнімдер жеткізу;

6) баға белгілеуге, соның ішінде бағалардың шекті деңгейі бойынша шектеулер;

7) табиғатты қорғау іс-шараларын өткізу;

8) жұмыс орындарының бар немесе Шартта айқындалған санын сақтап қалу немесе жаңа жұмыс орындарын құру;

9) еңбекті қорғауға, әлеуметтік кепілдіктерді қамтамасыз етуге, Объект қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығын сақтандыруға, Объектіні сақтауға қатысты нормалар мен қағидаларды ұстану;

10) Сенімгерлікпен басқару Объектісінің өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін пайдалану тәртібі;

11) Объектінің берешектерін Шартта белгіленген мерзімдерде өтеу;

12) Сенімгерлікпен басқарушының ілгеріде Объектіні сатып алуы;

13) Шартта белгіленген уақыт кезеңі ішінде Объектіге қатысты мәмілелер жасауды шектеу және/немесе белгілі бір қызметтерге тыйым салу;

Басқару органымен және/немесе тендерлік комиссиямен сенімгерлікпен басқаруға берілетін Объектінің ерекшелігі ескеріліп, қосымша критерийлер ұ с ы н ы л у ы м ү м к і н .

12. Рентабельді емес коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындарды сенімгерлікпен басқаруға беру кезінде рентабельді емес кәсіпорындардың тізбесін құру бойынша ұсыныстарды Басқару органы Құрылтайшыға енгізеді:

Рентабельді емес коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындарды тәуелсіз басқарушымен сенімгерлікпен басқаруға берілетін Объектілер тізбесіне енгізуге мыналар негіз болып табылады:

1) ағымдық, негізгі және негізгі емес қызметтің рентабельділігі көрсеткіштерінің үш жылдың ішінде төмендеуі және/немесе олардың жоспарланған мөлшерлерін қамтамасыз етпеуі;

2) қатарынан үш жылдың ішінде таза табыс бойынша жоспарлы көрсеткіштерді орындамауы;

3) үш жылдан астам мерзімі өткен кредиторлық берешек.

13. Тендер шарттарын Құрылтайшы бекітеді.

14. Тендерді ұйымдастыру және өткізу үшін Құрылтайшы Тендерлік комиссия құрады, оның құрамына Құрылтайшының, Теңгерім ұстаушының, Теңгерім ұстаушыны мемлекеттік басқару органының, мүдделі ұйымдардың, аумақтық әділет органдарының (келісім бойынша) өкілдері кіреді.

Тендерлік комиссия мүшелерінің саны 5 адамнан кем болмауы тиіс.

Тендерлік комиссияның құрамы, соның ішінде Тендерлік комиссияның төрағасы мен хатшысы Құрылтайшының бұйрығымен (өкімімен) тағайындалады және Құрылтайшының лауазымдық тұлғалары болып табылады.

15. Құрылтайшы Тендер өткізу туралы шешім қабылдау кезінде:

1) тендерді өткізу күні мен орнын, оның жағдайларын, тендер жеңімпазын таңдау критерийлерін айқындайды;

2) тендерлік комиссия қалыптастырады;

3) тендерлік құжаттаманы бекітеді;

4) кепілді жарналарды қабылдайды;

5) тендерлік комиссия отырысының хаттамаларын бекітеді;

6) тендер жеңімпазымен сенімгерлікпен басқару шартын жасауды қамтамасыз е т е д і ;

7) Тендер аяқталғаннан кейін, осы Қағиданың 31-тармағында белгіленген жағдайларды есептемегенде, Тендер қатысушыларына кепілді жарналарды қ а й т а р а д ы .

16. Тендерлік комиссияның ұйымдастырушылық қызметін тендерлік

комиссияның хатшысы қамтамасыз етеді. Тендерлік комиссияның хатшысы тендерлік комиссия мүшесі болып табылмайды және тендерлік комиссия шешім қабылдаған кезде дауыс беру құқығы болмайды.

Тендерлік комиссияның хатшысы: тендерлік комиссия отырысының күн тәртібін қалыптастырады, тендерлік комиссияны қажетті құжаттармен қамтамасыз етеді, Тендерге қатысуға өтініштерді қабылдайды, оларды тіркеуді жүзеге асырады, тендерлік комиссия отырысын өткізуді ұйымдастырады; тендерлік өтінімдері бар конверттерді ашу хаттамасын, тендерге қатысуға рұқсат беру туралы хаттаманы, тендер қорытындылары туралы хаттаманы, сондай-ақ тендерлік комиссия отырысының басқа да хаттамаларын ресімдейді және оларға қол қояды, тендер құжаттары мен материалдарының сақтаулылығын қамтамасыз етеді.

17. Тендерлік комиссия белгілеген мерзімде және ол Объект туралы ұсынған мәліметтер негізінде:

- 1) Тендер шарттарын айқындайды;
- 2) оны ілгерде сатып алу құқығымен сенімгерлікпен басқаруға беру туралы шешім қабылданған жағдайда ағымдағы құн - Объект құнын бекітеді. Объектінің ағымдағы құнын «Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 30 қарашадағы Заңына сәйкес тәуелсіз бағалаушы есебінің негізінде тендерлік комиссия бекітеді.
- 3) Тендер жеңімпазын анықтаудың негізгі шарттарын (критерийлерін) айқындайды;
- 4) кепілді жарнаның мөлшерін анықтайды;
- 5) тендер жариялау үшін Тендерлік құжаттама мен құжаттар дайындайды;
- 6) Тендер өткізеді;
- 7) Тендер жеңімпазын хабарлайды;
- 8) Тендер жеңімпазын немесе Тендер нәтижесі бойынша өзге де шешімді айқындайтын қорытындыдан тұратын тендерлік комиссия отырысының хаттамасына қол қояды;

18. Объектіні сенімгерлікпен басқаруға беруге дайындауды Құрылтайшы жүзеге асырады.

19. Басқару органы Құрылтайшыға мүліктік кешені немесе мүлкі немесе акциялары (үлестері) Объект болып табылатын заңды тұлғаның құрылтай құжаттарын, соңғы екі жыл ішіндегі қаржы-шаруашылық қызмет туралы толық ақпаратты, Объектіні сенімгерлікпен басқаруға беру жөніндегі шарттарды белгілеу туралы ұсынысты ұсынады.

20. Тендерді өткізуге дайындық кезінде Құрылтайшы Объект туралы ақпаратты жинауды, ақпараттық хабарды уақытылы жариялауды қамтамасыз етеді, Тендерге қатысуға өтінімдерді қабылдауды және тіркеуді, бағалауды (

Объектіні ілгеріде сатып алу құқығымен сенімгерлікпен басқаруға берген жағдайда) жүргізеді, келіп түскен материалдарды Тендерлік комиссияның қарауына жібереді.

21. Объектіні ілгерде сатып алу құқығымен сенімгерлікпен басқаруға беру бойынша бірінші Тендер өткізу кезінде ағымдағы күн бастапқы бағаға тең болады.

Екінші және одан кейінгі Тендерлерде ағымдағы баға тендерлік комиссия шешімімен өзгертілуі мүмкін.

22. Тендер өткізілетіні туралы ақпараттық хабарлама тендер өткізу жарияланған күнге дейін 15 күннен кешіктірмей қазақ және орыс тілдерінде мерзімдік баспа басылымдарда жариялануы тиіс, ал коммуналдық меншіктегі акционерлік қоғамдардың акцияларын және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін сенімгерлікпен басқаруға беру кезінде – тендерді өткізуге дейін кемінде 30 күнтізбелік күннен кешіктірмей.

23. Ақпараттық хабарлама мыналарды қамтуы тиіс:

1) Объект туралы оның атауын, орналасқан жерін, қысқаша сипаттамасын қоса алғанда, сондай-ақ Теңгерім ұстаушының атауы мен мекенжайы туралы мәліметтер;

2) сенімгерлікпен басқару мерзімі;

3) Тендер шарттары және жеңімпазды анықтау критерийі;

4) Тендерді өткізу датасы, уақыты мен орны;

5) кепілдік жарнаның мөлшері, мерзімі және тәртібі;

6) Тендерге қатысуға өтінімді қабылдау мекенжайы және мерзімдері;

7) Тендерге қатысуды ресімдеу тәртібі туралы дерек;

8) Тендерге қатысуға қажетті құжаттар тізбесі;

9) сенімгерлікпен басқаруға берілетін объектінің ерекшелігіне байланысты басқаруда ақпарат;

24. Тендерлік комиссия тендер шарттарын өзгерткен жағдайда, барлық өзгерістер туралы хабарлама шегінде тендерді өткізуге дейін кемінде 5 күнтізбелік күн қалғанда жариялануы тиіс.

Тендер шарттары өзгергендігі туралы хабарлама жарияланғанға дейін тендерге қатысуға өтінім берген және осыған байланысты тендерге қатысудан бас тартқан тұлғалар кепілдік жарнаны толық көлемде қайтаруды талап етуге құқылы.

25. Мүліктік кешені немесе мүлкі немесе акциялары (үлестері) сенімгерлікпен басқару объектісі болып табылатын әрбір заңды тұлға бойынша ақпараттық хабарлама жарияланғанға дейін Құрылтайшы мына құжаттардың көшірмелерінен тұратын құжаттар пакетін дайындауы тиіс:

1) Тендерге шығарылатын Объектінің жарғысы, егер шығарылатын Объект мемлекеттік кәсіпорын немесе акционерлік қоғам не болмаса жауапкершілігі шектеулі серіктестік болса;

2) эмиссияны тіркеу туралы куәлік (акционерлік қоғамдар үшін);

3) есепті кезең алдындағы жылға қосымшалары бар бухгалтерлік теңгерімдер;

4) заңды тұлғаны тіркеу туралы куәлік;

5) акционерлік қоғамдар акционерлерінің немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің қатысушыларының тізілімінен үзінді;

6) жарғылық капиталға кірген, олардың құны көрсетілген негізгі құралдардың тізбесі;

7) кредиторлық және дебиторлық берешектердің ажыратылымы;

8) мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелер, мемлекеттің қатысуымен заңды тұлғалардың тізілімінен үзінді;

9) әлеуметтік сала объектілерінің құны көрсетілген олардың тізбесі (акцияларының мемлекеттік пакеті мен мемлекеттік үлестері тендерге шығарылатын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер ұсынады);

10) сенімгерлікпен басқаруға берілетін Объектінің ерекшелігіне байланысты Құрылтайшының қарауы бойынша басқа да құжаттар.

Құжаттар пакетіне, сондай-ақ Құрылтайшының тапсырмасы бойынша тәуелсіз кеңесшілермен өткізілген жұмыс істеудің кешенді мониторингі және Объектіні басқару тиімділігі негізінде қосымша мәліметтер, сондай-ақ инвестордың тәуекелдік факторларының талдауы, ұйымды техникалық қайта жабдықтаудың ықтимал нұсқалары туралы мәліметтер, кірістілік есептеулері, өндіріске қажетті инвестициялардың көлемін бағалау, өндірілетін өнімнің әлемдік немесе ішкі нарықта өтімділігін бағалау және сол сияқтылар қамтылуы мүмкін.

Ақпараттық хабарлама жарияланғаннан кейін Құрылтайшы Тендерге қатысушы болғысы келетіндер Объект туралы ақпаратқа және осы Қағидаға қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

26. Тендерге қатысушылар Тендерді өткізу туралы ақпараттық хабарламада көрсетілген мөлшерде, мерзімдерде және тәртіпте кепілдік жарна салады.

Кепілдік жарнаның мөлшері ақпараттық хабарлама жарияланғаннан кейін өзгертілуі мүмкін емес. Кепілдік жарна Қатысушы атынан кез келген басқа жеке немесе заңды тұлғамен салына алады.

Кепілдік жарнаны алушы Құрылтайшы болып табылады.

27. Тендерге қатысу үшін кепілдік жарна әр Объект үшін дербес Объектіні кейін сатып алу құқығымен сенімгерлікпен басқаруға беру кезінде оның



ағымдағы құнынан және Объектіні сенімгерлікпен басқаруға кейін сатып алу құқығынсыз беру кезінде қалдық теңгерімдік құнынан 10 пайыз шегінде белгіленеді.

28. Кепілдік жарна Қатысушының мына міндеттемелерін қамтамасыз ететін болып табылады:

- 1) жеңген жағдайда Тендер нәтижелері туралы хаттамаға қол қою;
- 2) Құрылтайшымен Шарт жасасу;
- 3) (сенімгерлікпен басқару шарты бойынша міндеттерді дұрыс орындау.

29. Құрылтайшы кепілдік жарнаны келесі жағдайларда қайтармайды:

- 1) Тендерге қатысушыларға, егер олар осы Қағиданың 24-тармағының екінші абзацында көзделген жағдайларды қоспағанда, Тендерге қатысудан оны өткізгенге дейін кемінде 3 күнтізбелік күн бұрын бас тартса;
- 2) Тендер жеңімпазына, егер ол тендер нәтижелері туралы хаттамаға қол коюдан не болмаса сенімгерлікпен басқару шартын жасаудан бас тартса;
- 3) сенімгерлікпен басқарушыға, егер сенімгерлікпен басқару шарты бойынша міндеттердің орындалмауы немесе дұрыс орындалмауынан шарт бұзылса.

30. Тендерде жеңген және ілгерде сатып алу құқығымен сенімгерлікпен басқару шартын жасаған Қатысушының кепілді жарнасы сатып алу-сату шарты бойынша төленетін төлемдер есебіне жатқызылады.

31. Осы Қағиданың 29, 30-тармақтарында жазылғандардан басқа барлық жағдайларда кепілдік жарна Тендер аяқталған күннен бастап 10 банктік күннен кешіктірмей, ал егер ақша Құрылтайшы шотына Тендер өткізілгеннен кейін түссе, онда олар түскен күннен бастап 10 банктік күн ішінде қайтарылады.

32. Тендерге қатысушыларды тіркеу ақпараттық хабарлама жарияланған күннен бастап жүргізіледі және Тендер басталғанға дейін жиырма төрт сағат бұрын аяқталады.

33. Тендерге Қатысушы ретінде тіркеу үшін заңды тұлға мыналарды ұсынуы қажет:

- 1) Тендерге қатысушыны Тендер жеңімпазы деп хабарлаған жағдайда оның жазбаша міндеттемесін білдіретін Тендерге қатысу өтінімін, ақпараттық хабарламада көрсетілген және Тендерге қатысушының өзімен ұсынылған Тендер қағидаларында Шарт жасасу;
- 2) тендер шарттары бойынша жазбаша түрдегі Тендермен байланысты құжаттаманы қоса беріп, басқа құжаттардан бөлек конвертте жапсырылған ұсыныстарды;
- 3) инвестициялық жобаларды негіздеу әдістемесіне сәйкес экономикалық және коммерциялық есеп айырысулары бар техникалық-экономикалық негіздемелерді;
- 4) Тендер шарттары бойынша жеке конвертте жапсырылған жазбаша

н ы с а н д а ғ ы

б и з н е с - ж о с п а р ;

5) ықтимал Тендерге қатысушының банк (банктер) алдында тендерлік өтінімдер бар конверттерді ашу күнінің алдындағы үш айдан артыққа бірінші басшы немесе қол қою құқығы бар тұлға және бас бухгалтер қол қойған банктің (банктердің) мөрі бар мерзімі өткен берешектерінің жоқтығы туралы банктің (банктердің) анықтамасын.

Егер, ықтимал Қатысушы екінші деңгейдегі бірнеше банктердің немесе филиалдардың, сондай-ақ шетелдік банк клиенті болып табылған жағдайда, осы анықтама мұндай банктердің әрқайсысынан ұсынылады;

6) соңғы қаржы жылы үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен міндетті аудитті өткізу белгіленген заңды тұлғалардың аудиторлық есебін;

7) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің түпнұсқасы мен көшірмесін;

8) ықтимал тендер Қатысушысының біліктілігін растайтын біліктілік туралы лицензия және/немесе патенттердің, куәліктердің, басқа да құжаттардың түпнұсқасы мен көшірмесі қоса берілген мәліметтерді;

9) Тендерге қатысушы жарғысының түпнұсқасы мен көшірмесін.

Шетелдік заңды тұлғалар құрылтай құжаттарын мемлекеттік және орыс тілдерінде нотариалды куәландырған көшірмесін;

10) ықтимал Тендерге Қатысушының төлеу мерзімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұзартылған жағдайды алып тастағанда тендерлік өтінімдер бар конверттерді ашу күнінің алдындағы үш айдан астам уақытқа бірінші басшы немесе қол қою құқығы бар тұлға қол қойған, осы салық органының мөрі бар салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу және жинақтаушы зейнетақы қорларына аудару жөніндегі мерзімі өтіп кеткен берешегінің жоқтығы туралы тиісті салық органының белгіленген нысандағы анықтамасының түпнұсқасы мен көшірмесін;

11) құрылтайшыға кепілдік жарнаны аудару туралы төлем тапсырмасының түпнұсқасы мен көшірмесін;

12) ықтимал Тендерге Қатысушы өкілінің өкілеттігін растайтын құжатты (сенімхатты) (жеке куәлікті, төлқұжатты (шетел азаматтары үшін) немесе ішкі істер органдарының анықтамасын ұсынған жағдайда жарамды).

Құрылтайшы заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің, жарғының, ықтимал Тендерге Қатысушының салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу және жинақтаушы зейнетақы қорларына аудару жөніндегі төлеу мерзімі өткен берешегінің жоқтығы туралы анықтаманың, төлем тапсырмасының көшірмелерін салыстырып, растағаннан кейін осы құжаттардың түпнұсқалары Тендерге қатысушыға қайтарылады.

34. Тендерге қатысушы ретінде тіркелу үшін жеке тұлғаға мыналарды ұсыну қ а ж е т :

1) Тендерге Қатысушының, оны тендер жеңімпазы етіп жариялаған жағдайда ақпараттық хабарламада көрсетілген және тендерге Қатысушының өзі ұсынған тендер талаптарымен Шарт жасауға жазбаша міндеттемесін білдіретін Тендерге қ а т ы с у ө т і н і м і ;

2) жазбаша түрдегі тендермен байланысты құжаттармен қоса берілетін, басқа құжаттардан бөлек конвертте жапсырылған Тендер талаптары бойынша ұ с ы н ы с т а р ;

3) төлем тапсырмасының немесе Құрылтайшыға кепілдік жарнаның аударылғаны туралы түбіртектің түпнұсқасы мен көшірмесі;

4) жеке куәліктің немесе төлқұжаттың түпнұсқасы мен көшірмесі;

5) тиісті мемлекеттік орган берген (Шарт жасау үшін азаматтық құқық қабілетінің барын растау үшін) заңды тұлғаны құрусыз кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқық беретін құжаттың түпнұсқасы мен көшірмесі;

6) лицензиялардың және/немесе патенттердің, куәліктердің, ықтимал Тендерге қатысушының біліктілігін растайтын басқа құжаттардың түпнұсқасы мен көшірмесі қоса берілген біліктілік туралы мәлімет.

Құрылтайшы төлем тапсырмасының, төлқұжаттың немесе жеке куәліктің, заңды тұлғаны құрусыз кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқық беретін құжаттың, лицензиялардың және/немесе патенттердің, куәліктердің, ықтимал Тендерге қатысушының біліктілігін растайтын басқа құжаттардың көшірмелерін салыстырып, растағаннан кейін осы құжаттардың түпнұсқаларын Тендерге қ а т ы с у ш ы ғ а қ а й т а р а д ы .

35. Тендерге қатысушы ол туралы Тендер басталғанға дейін кемінде 3 күнтізбелік күн бұрын жазбаша хабарлап, өз ұсынысын тендер өткізудің белгіленген мерзіміне дейін қайтарып алуға құқылы.

36. Өтінімдерді қабылдау және Тендерге қатысуға үміт білдірген тұлғаларды тіркеу талап етілетін құжаттардың толық жиынтығы бар болған кезде жүргізіледі .

37. Мыналар Тендерге Қатысушы бола алмайды:

1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне немесе құрылтай құжаттарына сәйкес жүзеге асыру Тендер шарттары болып табылатын қызмет түрлерімен айналысуға құқығы жоқ заңды тұлға;

2) сенімгерлікпен басқаруға шарт жасасу және оны орындау жөнінде тиісті міндеттемелерін орындамаған өткен тендерлердің жеңімпазы.

38. Құрылтайшының Тендерге қатысушыларға қатысы бар ақпаратты, Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген жағдайларды қоспағанда, Тендер дайындау және оны өткізудің барлық кезеңі ішінде жариялауға құқығы

ж о қ .

39. Ықтимал Тендерге қатысушылардың құжаттары тіркеу журналына тіркелгеннен кейін сейфте сақталады. Тендерді өткізу күні Тендерге қатысушылардың құжаттары Тендерлік комиссияға беріледі.

40. Тендерлік комиссия Тендерге қатысушылардың ұсыныстары бар конвертті ашады және жеңімпазды айқындау критерийлеріне сүйеніп, тендерге қатысушылардың ұсыныстарын қарайды.

Тендерге қатысушы немесе оның уәкілетті өкілі конвертті ашу кезінде қ а т ы с у ғ а қ ұ қ ы л ы .

Тендерлік комиссия жобаларға тәуелсіз сараптама өткізуге құқылы.

41. Сенімгерлікпен басқаруға беру жөніндегі тендер жеңімпазын айқындаудың негізгі шарттары (критерийлері) қатысушылардың біліктілік мәліметтері, олардың тендер жағдайларын орындауға техникалық және қаржылық мүмкіндіктерінің бар болуы, сенімгерлікпен басқару Объектісінің қызмет түрін сақтау, Объектіні қаржылық оңалту бағдарламасының, бағдарламаны іске асыру мерзімінің бар болуы болып табылады.

Басқару органы және/немесе тендерлік комиссия Объект спецификасын ескеріп, басқа да критерийлерді ұсына алады.

42. Тендерлік комиссияның шешімі оның мүшелерінің қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Дауыстар тең болған жағдайда, Тендерлік комиссия тең дауыс санын алған Қатысушыларды келіссөзге шақыруға құқылы және олардың келісімімен тендерлік комиссияның қарауына Объект жұмысын жақсартуға бағытталған қосымша ұсыныстарды енгізген Тендерге қатысушы жеңімпаз болып танылады.

43. Тендерлік комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді, оған тендерлік комиссияның мүшелері, оның төрағасы, хатшысы және Тендер жеңімпазы қол қояды. Тендерлік комиссияның мүшесі өзінің ерекше ойын жазбаша жазып, оны хаттамаға тіркеуге құқылы, ол туралы соңғысына белгі қойылады. Тендердің нәтижелеріне оның қатысушылары Тендер жеңімпазын хабарлаған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде шағымдануы мүмкін.

44. Тендер нәтижелері туралы хаттама Тендер жеңімпазы мен Комитеттің Тендер шарттары негізінде Шарт жасау міндеттемелерін және Тендер жеңімпазының ұсыныстарын бекітетін құжат болып табылады.

45. Хаттама Құрылтайшыға және тендер жеңімпазына бір данадан жасалады.

46. Тендер нәтижелері Тендер жеңімпазын хабарлаған күннен бастап 5 күнтізбелік күн ішінде Комитетпен бекітіледі.

47. Шешім қабылдаған күннен кейінгі күннен кешіктірмей Қатысушылардың өтінімдерін қарау нәтижелері бойынша Құрылтайшы Тендерге қатысушылардың

барлығына хабарлап, тендер нәтижесін бекітуге немесе одан бас тартуға тиісті.

48. Құрылтайшы тендер нәтижелерін бекіткеннен кейін 10 күнтізбелік күннен кешіктірмей тараптар Объектіні сенімгерлікпен басқару шартына қол қоюы тиіс.

49. Тараптармен және теңгерім ұстаушымен қол қойылған Объектінің қабылдау-тапсыру актісі шарттың ажырамас құрамдас бөлігі болып табылады.

Акт алты данада қазақ және орыс тілінде әр тарапқа және теңгерім ұстаушыға екі данадан жасалады.

50. Құрылтайшы жаңа тендерді жариялауға, сондай-ақ Тендерлік комиссияға тендер шарттарын мына жағдайларда өзгертуді ұсынуға құқылы:

- 1) Тендерге қатысуға өтінімдер жоқ болса;
- 2) Тендерлік комиссия жеңімпаздың жоқтығы туралы шешімді қабылдаса;
- 3) Тендер жеңімпазы Шартқа қол қоюдан бас тартса.

51. Тендер мына жағдайларда өтпеген болып танылады, егер: қатысушылардың ұсыныстары Тендерлік комиссиямен Тендер шарттарын қанағаттандырмайтын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келмейтін болып танылса;

объект жалғыз Құрылтайшыға берілуі мүмкін үшінші және одан ілгердегі тендерлерді есептемегенде, тіркелген Қатысушылардың саны екеуден кем болса.

52. Құрылтайшы Тендер нәтижелері туралы хаттамаға және Тендерді ұтып алған тұлғамен Шартқа қол қоюдан бас тартуға құқығы жоқ.

53. Шартта Тендер жеңімпазының тендерлік ұсыныстарына сәйкес талаптар көзделуі тиіс.

54. Сенімгерлікпен басқару шартының негізгі талаптары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 24 маусымдағы № 700 қаулысымен бекітілген Сенімгерлікпен басқару үлгі шартына сәйкес айқындалады.

55. Міндеттемелерді жартылай немесе толық орындамағаны үшін, сондай-ақ егер ол қарсы тұра алмайтын күш жағдайларының салдарынан (жер сілкінісі, су тасқыны, өрт, эмбарго, соғыс немесе әскери қимылдар, мемлекеттік органдардың міндеттемелерді орындауға тыйым салатын немесе қандайда-бір басқа жолмен кедергі келтіретін нормативтік құқықтық актілерді шығаруы) болса, осы жағдайлар тараптар еркінен тыс және тараптардың кез-келгенінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауын мүмкін қылмаса Шарт бойынша міндеттерді кешіктіргені үшін тараптар жауапкершіліктен босатылады.

56. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі қарсы тұра алмайтын күш жағдайлары, сондай-ақ осы жағдайлардан туындаған салдарлар мерзіміне тең уақытқа шегіндіріледі.

57. Қарсы тұра алмайтын күш жағдайлары туындаған кезде тараптардың кез келгені бір-біріне осы жағдайлардың болатыны туралы олардың пайда болған күнінен кейін 30 күнтізбелік күн ішінде жазбаша түрде ақпараттандыруы тиіс.

58. Хабарламау немесе уақытында хабарламау тарапты міндеттемелерді орындамағаны үшін жауапкершіліктен босататын негіз ретінде жоғарыда көрсетілген жағдайларға сілтеме жасау құқығынан айырады.

#### **4. Шарттың орындалуын бақылау**

59. Шарт қағидаларының орындалуын бақылауды Құрылтайшы жүзеге асырады.

Осы мақсатта Құрылтайшы жұмыс тобын (комиссия) құруы мүмкін. Жұмыс тобы (комиссия) өз жұмысын Сенімгерлікпен басқарушының міндеттемелері ескеріліп жасалған Шартқа сәйкес ұйымдастырады.

Сенімгерлікпен басқарушы жұмыс тобының (комиссияның) қарауына құжаттарды (есептерді) Шартта белгіленген мерзімде, нысанда және тәртіпте тапсырады.

60. Бақылауды жүзеге асыру үшін Құрылтайшы Шарттың орындалуымен байланысты құжаттармен танысуға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тәуелсіз кеңесшілерді тарта отырып, Объектіні басқару тиімділігінің жыл сайынғы мониторингін жүргізуге құқылы.

61. Шарт қағидаларының орындалуын бақылау Сенімгерлікпен басқарушының міндеттемелерді орындауын аяқтаған сәтіне дейін жүргізіледі.

62. Мемлекеттік мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген негіздер бойынша өзгертіледі және бұзылады.

63. Сенімгерлікпен басқарушы Шартта белгіленген мерзімде Объектінің қызметін қамтамасыз ету бойынша міндеттер мерзімін орындамаған жағдайда Құрылтайшы Сенімгерлікпен басқарушыны ол туралы бір айдан кешіктірмей хабардар етіп, шартты бір жақты тәртіпте бұзуға құқылы.

#### **5. Қорытынды қағидалар**

64. Осы Қағидамен көзделген Сенімгерлікпен басқару қатынастарына осындай қатынастарды реттейтін азаматтық заңнаманың нормалары таралады.

65. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін тараптар Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес жауапкершілікке ие.

66. Сенімгерлікпен басқарушымен оған белгіленген шектеулерді бұзып жасалған мәмілелер Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен көзделген тәртіпте жарамсыз болып танылады.

67. Жауапқа тарту кінәлі тұлғаларды келтірілген залалды өтеу міндетінен босатпайды.

68. Егер шартты бұзуға немесе өзгертуге тараптардың бірінің Шартты елеулі бұзуы негіз болса, онда екінші тарап Шарттың бұзылуымен немесе өзгертілуімен келтірілген залалды талап етуге құқылы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК